

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

22

ШІЛДЕ
СЕЙСЕНІ2014 жыл
№105 (18799)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz



Қазақстан 2050

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

ол қандай қажеттіліктен туындап отыр

Қазақстанда жекешелендірудің екінші толқыны басталды. Осы өзекті мәселенің қажеттілігін Елбасы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап көрсеткен болатын. Осыған орай, Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке мемлекет меншігіндегі мүлік пен активтер, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар нысандары жуық арада жалпыға ортақ сатылымға түседі.

Бұл ауқымды шара нені көздейді? Елдегі жеке бизнестің дамуына серпін беру, экономикадағы мемлекет үлесін дамыған елдер деңгейіне дейін азайту мақсатында бәсекелі ортаға берілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нақты тізімі жарияланды. Үкімет бұл жекешелендіру аясында ішкі рыноктан бюджетке қаржы тартып қана қоймай, ел экономикасына жағымсыз әсер ететін факторларды жұмсарту мақсатында мемлекеттік шығындарды азай-

туды да көздеп отыр. Жағымсыз әсер ететін факторлар ретінде нені атаймыз? Мемлекет, жай тілмен айтқанда, ендігі жерде бюджет есебінен қаржыны жұмсауды барынша тиімді етуді жоспарлауда. Қысқасы, біз нарық заңымен өмір сүруге дағдылануымыз керек. Бірінші вице-премьер Бақытжан Сағынтаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен наурыз айында өткен



Ұлттық инвесторлар кеңесінің кезекті отырысында олардың есебін баяндады. «Республика меншігіндегі 32 нысан және квазимемлекеттік сектордағы 191 ұйымнан

тұратын тізілім айқындалды. Сәуірде коммуналдық меншік кәсіпорындарының тізімі қалыптастырылады, олардың саны шамамен – 780. Маусымда оларды бәсекелестік ортаға беру басталады», деді ол. Б.Сағынтаевтың айтуынша, бұдан өзге Үкімет жеке бизнес тиімді жұмыс істеп тұрған экономика салаларына мемлекеттің қатысуын шектеу бойынша да жүйелі

жұмыстар жүргізуде. Сонымен квазимемлекеттік сектор дегеніміз не? Жалпы түсінік бойынша ол мемлекеттің жеке секторға қатысты негізгі үлесі бар кәсіпорындар санатын құрайды. Мұндай кәсіпорындар Қазақстанда баршылық. Алайда олар қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатыр? Біз масылдық психологиядан толық арылып болдық па? Елбасы алға қойған міндет бойынша бұл сауалдың жауабы қазір әрбір қазақстандық үшін өзекті мәселе болып табылады.

Үкіметқабылдаған «2014-2016 жылдарға арналған жекешелендіру бойынша кешенді жоспар» ең алдымен жеке сектордың дамуына әсер ететін маңызды шарттың бірі болатын. Ол экономикадағы мемлекеттің үлесін азайтуға бағытталған. Кешенді жоспар бойынша, алдымен коммерциялық кіріс түсіруге бейімделген мемлекеттік компаниялар жекешелендіріледі. Екінші шара, стратегиялық маңызы жоқ бейінді активтерді жеке секторға өткізумен қатар, холдингтер мен ұлттық компаниялардағы бейінді емес активтер мен нысандарды сату аяқталады. Содан кейін мемлекет иелігін тиімді құрылым етіп қайта жасақтау мақсатында қалған мемлекеттік активтерді қайта құру жүзеге асырылады. Қорытындысында мемлекет құзырына экономика саласында стратегиялық маңызы бар активтер мен әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар ғана қалады.

Жекешелендіруге жататын нысандар тізімі Қаржы министрлігіне қарасты мемлекеттік мүлік реестрінің веб-порталында және баспасөз

2-бет

ОҢТҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІККЕ ТЕГІН ОҚУ

Қазіргі таңда Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, облысының демографиялық деңгейі жоғары әрі сырттан қоныс аударушылар қарасы мол. Бұл өз кезегінде оңтүстік өңірлердегі жұмыссыздық немесе әлеуметтік жағдайлардың қереғарлығына апарды. Сондай-ақ, ЖОО-ға түсуге талаптанған жастардың қалаған оқуына бәсекелестік салдарынан түсе алмауы да жұмыссыз жастардың қатарын толықтырады. Ал, керісінше, еліміздің кейбір өңірлерінде кадр тапшылығы өзекті. Бүгінде еліміздің 7-8 облысында маман жетіспеушілігі мәселесі бар. Оған басты себеп, бала тұрғындарының төмендігі және сыртқа көшіп кету

миграциясы. Сол өңірлердегі өндіріс орындары еңбек күші жетіспеушілігінен өз әлеуетін толық іске асыра алмай отыр. Мәселен, Семейде тек қана гедезия мамандығына оқытатын колледж бар. Қазақстандағы жалғыз оқу орны деуге болады. Осы оқу ордасын бітірген маманның жалақысы 250-500 мың көлемінде болады екен. Ал республика бойынша аталмыш мамандық иелеріне сұраныс көп, кадр тапшы. Сол себепті “Мәңгілік ел жастары – индустрияға” атты мемлекеттік бағдарламасы қажетті мамандарға жағдай жасап, оларды тегін оқытуға гранттар бөледі.

Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында биыл педагогикалық

мамандықтар бойынша 7 жоғары оқу орнына арнайы 1050 грант, 23 колледжде 35 мамандық бойынша 1000 грант бөлінді. Оңтүстік өңірдің өрендері 7 облыстың ЖОО-на мемлекеттік бағдарлама бойынша түсе алады. Атап айтсақ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Қоқшетау мемлекеттік университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, М.Қошбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік

университеті. Сонымен қатар, осы аймақтардағы мемлекеттік колледждерге де түсуге мүмкіндігіміз бар.

Бұл гранттардың конкурсына жоғарыда аталған 5 облыстың талапкерлері қатыса алады. Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, әртүрлі деңгейде ұпай жинаған бітіруші түлектер және кешенді тестілеуден өткен барлық үміткерлер бағын сынай алады. Жоғары оқу орнына құжаттар тапсыру кезеңінде 4 оқу орнын таңдай аласыз.

Шекті ұпайға (50 ұпай) жетпеген бітірушілерге колледждерге тапсыруға және шығармашылық емтихандар арқылы қабылданып мамандықтар бойынша грант иегері болу мүмкіндігі

бар. Құжаттарды қабылдау комиссиясы және шығармашылық естияхандар жергілікті жерде өткізіледі. Құжаттар 3 деңгейде қабылданады: жалпы құжаттар қабылдау кезеңі, мемлекеттік грант иегерлерінің қорытындысынан кейінгі кезең және 20 тамызға дейін қосымша құжат қабылдау кезеңі.

Бағдарлама бойынша грант иегерлері стипендиямен, жылына екі рет барып-келу жолдақы және жатақханамен, киіммен, жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Бұл бағдарламаға бұрынғы жылдары мектеп бітіргендер де қатыса алады. Толық ақпаратты www.serp-2050.kz сайтынан біле аласыз.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

“БІРЛІКТІҢ” МҰРАПТАРЫ

Қарт Қаратаудың бөктеріндегі Бірлік ауылы қысы-жазы судың жағдайына алаңдаулы. Ерте көктемде қарғын судан қауіптенсе, жаз кезінде аяқ су тапшылығы естен шықпайды. Биыл ерте көктемде нөсер жауынның көл-көсір суы ауыл тұрғын бірер рет шайын өтсе, одан кейін қардың қарғыны да тұрғындарды әбгерге салды.

Қазір жаз ортасы. Ауылдағы аяқ судың жағдайы қалай екен? Соны білмекке ауыл әкімшілігіне ертелітіп келгенбіз. Кеңсе алдындағы екі-үш жігіт бір жакка жиналғандай қауырт отыр екен. Жөн сұраса келе, іздегеніміз алдымыздан шыққандай қуанып қалдық. Олар су мұраптары – Божбанбай Тілесов, Арап Жаздықбаев және олардың әріптесі Рүстембай Ыдырысов болып шықты. Ауылдың тау беткейіндегі су жинайтын тоған «Көлтоғанға» бет алмақшы көрінеді. Көлік жүргізушілері Нұрғазы Елеусізов деген жігіт ағасы. Ол да ауылдағы су мұрабаның бірі.

Ауылдағы алты жүз үйді алты көшеге бөліп, оларға кезегімен аяқ су беріп отыру осы жігіттерге сеніп тапсырылған. Оларды ауыл тұрғындары өздері қалап, орталарынан сайлап алған. Әдетте мұндай жауапты жұмысқа әділетті, турашыл, елгезек жандар таңдалады. «Көлтоған» ауылдан 5-6 шақырым қашықтықта орналасқан. Оны баяғыда ауыл адамдары өздері тұрғызып көрінеді. Өзектің алдын қолмен тоғандап, қыстағы – қар, көктемгі жаңбыр суын жинап, осы ылғалды жаз бойы үнемдеп пайдалану үшін осылайша әрекет еткен. Биыл ылғал көп түсті, сондықтан бұл тоғанда нақты кезеңде 4 мың текше метр су жиналып тұр. Ауыл тұрғындарының ауаларын суару үшін осылай есептеп, үнемдеп пайдаланса, тамыз айының орта-

сына дейін жетуі керек. Бұл жағдай ауыл адамдарын қанағаттандырады. Яғни, есік алдына көкөніс, бақша етіп, оның өнімін жинап алуға да, бау-бақшасының жайқалып өсуіне де жетеді деген сөз.

– Су көлемін сәл көбейту керек, бүгін ең шеттегі екі көшеге су береміз, – дейді Рүстембай тоғанның қақпағын көтеріп жатқан Божбанбайға қарап. Бұл кісініз де әбден бесасап болған секілді, бұранданы бірер ғана жоғары жылжытты. Су құбырынан сарылдаған су төмен қарай жөңкіп барады. Өйткені, су жиналған жер ауыл үстінен 9 метр биіктікте орын тепкен.

Тоған басында тағы бір кереметке кезіктік, осындағы су жататын 50 гектардай жерді ауыл тұрғыны Ысқақ Мүлікөв деген азамат немересі екеуі өз күштерімен қоршап, ондағы тал-теректерді мал аузынан аман сақтап отыр. Мына баурайда жайқалып жатқан бау-бақша сол кісінің шаралатты жұмысының белгісі. Кезінде механизатор болған 73 жастағы Секең расында нағыз сауапты істі қолға алған екен, қызыр қарап, нұр жаусын!

– Мына төбе Шәзінда Қарақожаевтың шаруашылық жұмысын бақылап тұратын жер еді, – дейді сөзге араласқан Нұрғазы жылы жымиып. – Отыз жасында кеншар директоры қызметі сеніп тапсырылған Шөкең бір уақыттарда Жоғарғы кеңестің депутаты да болды, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін де атқарды. Ер жасы елуге келгенінде осы шаруашылықтың басшылығына келіп, оны озаттардың қатарына іліктіргені де жұртшылықтың есінде. Сол кезде мына төменгі жазықта 1500 гектардай шабындық түгел қоршалып, өскен шөбін мал таппайтайтын. Алпыс мыңға тарта қойдың шөбі осы аймақтан дайындалып, қыстан жүдемей аман шығып жүретін-ді.

Нұрғазының бір ауыз сөзіне осындай көп мағына сыйғызып тұрғанын кешегі шаруашылық жұмыстарының арасында өскен бір бірден байқайладық. Иә, Бірлік ауылы биылғы жазды жайбарақат қарсы алыпты. Өйткені, тоған суының жаз бойы тұтынуға жетеріне сенімді. Дегенде, оны үнемдей білу керек. Әрине, оны лайықты атқарғаны жоғарыда өзіміз кезіккен білікті су мұраптары екендігіне сөз жоқ.

Нұрмахан Е.ЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

ЖЫР-ТҰМАР

ШАЛҚИДЫ АРАЛ

Ай, аксарбас, аксарбас қарт Аралым!
Күннің туды жанатын қайта бағың.
Ырзық болған талайға мәрт Аралым,
Сүйінші, Арал!
Жобаның жолы ашылды,
Шалқар суға толады шартарабын...
Жаналыққа құлақ тұр халқым, жүде,
Ойнақ салды жағала толқын бұла.
САРАТС-ты сарғайып тосқан елдің,
жанды үміті,
жолда қап нарқын мына...
Кемел жоба келгенде келісімге,
Көніп сала берді енді өрісім де.
Елбасымен еңілес еткен еңбек,
Рахмет айтамыз Сен үшін де!!!
Күйге бөлеп Кіші Арал... күміс көлді.
Ынтымақтың жемісі
ырыс келді!
Енді сенсің Ертенге жеткізетін,
Елбасымыз қолдаған бұл істі енді.
Кешегісі Аралдың жырақ мүлдем,
Шалқар теңіз болмайды бұлақ бірден.
Осыған облыстың қолы жетті,
Көптен күткен,
Күллі жұрт құлақ түрген...
Жарқын күнге жақсы үміт жалғайды елді,
Несібісін халқымын Алла-ай, берді.
Балығы бар көл жетім болмайды енді,
Басшысы бар ел жетім болмайды енді.
Асқақтаған тәуелсіз атағы елмен,
Игі жақсы иіліп бата берген.
Ел сенімін ақтай бер Едігедей,
Айналайын перзентен ата көрген...
Ақ шағалам шарқ ұрған құтты өрісі,
Арал деген Тұранның құт кеніші.
Қадамына гүл бітіп дұр жобаның,
Талабына болды бұл біткен ісі.
Тағдырынан мен емес жаси қалар,
Жасқаншақтар!
желкесін қасиды олар...
Батылдардың-Кіші Арал бастамасы,
Екінші рет бой бермей тасиды Арал!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби
сыйлықтың лауреаты.

КӨЛІ БАЙДЫҢ – ЕЛІ БАЙ

Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асырылған САРАТС-1 жобасы нәтижелі болды. Жуырда осы жобаның екінші кезеңіне қаражат бөлінуі туралы естідік. Кіші Аралды онан әрі кемеліне келтіретін САРАТС-2 жобасына Дүниежүзілік банкі тарапынан қомақты қаражат бөлінгелі отыр. БАҚ беттерінде осы хабарды оқып, елмен бірге біз де қуанып жатырмыз.

1990 жылдардың басында теңізде балықтың екі түрі ғана қалған еді. Ал қазіргі кезде олардың түрі көбейіп, теңізде «су маржанының» түрлері жиырмадан асты. Балық шаруашылығы қайта жанданып, теңізден несібісін терген балықшы қауым жылына 5 мың тоннаға дейін балық аулауда. Міне, өзгесін қойғанда осының өзі-ақ аталған жобаның маңыздылығын, оның өңір тұрғындары үшін өміршеңдігін көрсетсе керек.

САРАТС-2 жобасын жүзеге асыру екі кезеңнен тұрады екен. Біз осы сәтті асыға күткен болатынбыз. Халық көптен күткен жоба аймақ басшысының табандылығының арқасында оң шешімін тапты.

Жобаның негізгі екі бөлігі Арал ауданында жүзеге асырылады. Олар Қамыстыбас, Ақшатау көлдер жүйелерін қалпына келтіру және Қамбаш балық питомнигіне қарасты Тастақ учаскесіндегі балық тоғанын кеңейту.

Екінші кезеңінің жұмыстары Арал ауданындағы табиғаттың климаттың және экологиялық жағдайдың жақсаруына мүмкіндік беретінін баса айтқым келеді. Аталған көлдер жүйесі суға толып, Тастақ учаскесіндегі балық тоғаны кеңейтілсе, өңір жұртының атақасібі – балық шаруашылығының жан-жақты дамуына жол ашылады деген сөз. Мұнан Арал өңірінің экологиясы сауығып, аудан халқының әлеуметтік жағдайы жақсара түсері анық. Ендеше, жобаның екінші кезеңінен күтеріміз көп.

Иманғали ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ,
«Қамыстыбас балық питомнигі»
РМК Тастақ бөлімшесінің меңгерушісі.

КӨПТЕН КҮТКЕН КӨПІР САЛЫНСА

«САРАТС» жобасының екінші кезеңінің қолға алынатынын естіп, біліп қуанып қалдық. Жалпы, бұл жобаның Қазалы ауданының тұрғындары үшін де маңызы зор дер едім. Жоба жүзеге асқан жағдайда, әсіресе, Сырдария өзенінің арғы бетінде тұратын елді мекен тұрғындарына, біздің Бірлік ауылдық округінің халқына пайдасы үлкен болғалы тұр. Ең бастысы Бірлік ауылы тұсында дария үстінен автокөлікке арналған көпір салу қаралған.

Бүгінге дейін біздің ауылдың тұрғындары аудан орталығы – Әйтеке би кентіне дария үстінде орнатылған қалқымалы көпір (халық Қарлан көпірі деп атайды) арқылы қатынап келеді. Ерте көктемде өзендегі мұз еріп, сен жүрген кездері жол жүріміз тіпті қиындайды. Аудан орталығына бару үшін 100 шақырымнан астам айналма жол жүріп, әбден әбгерге түсеміз. Әсіресе, үлкен кісілер сырқаттанып, ауылдың келіндері босанған тұста тіпті қиын еді. Сондықтан, дариядан автокөлік көпірі түседі деген жаңалық бізді ерекше қуанышқа бөлеп отыр. Шыны керек, халық көптен бері тоқтап қалған жобаға тиісті қаражаттың бөлінуін көп күтті.

Бұл үшін Елбасымызға, аймақ басшысына ауыл халқы атынан алғысымды айтамын.

Есенкелді МӘЛИ,
Бірлік ауылының тұрғыны.
Қазалы ауданы.

“ОТАУ ТВ”-ҒА ӘРБІР ҮШІНШІ ОТБАСЫ ҚОСЫЛҒАН

Мәжілістің күн тәртібіне сәйкес “Қонго-Қырым геморрагиялық қызбасы” індетінің алдын алу бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы Жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жайындағы шұғыл талдау орталығының басшысы Жасұлан Шынтасов хабарлама жасады.

Хабарламашы атап өткеніндей, 2014 жылы облыс аумағында “Қонго-Қырым геморрагиялық қызбасының” қоздырғыштары болып табылатын кенелерден қолайсыз аймақ болып орналасқан 116 елді мекен танылды. Онда 103,8 мың бас ірі қара, 229,1 мың бас уақ мал, 10,1 мың бас түйе, 505 бас шошқа бар және 24 мыңнан астам мал қора мен 715 суат орналасқан. Осыған орай, облыстық құзырлы мекемелер қызметкерлерінен жұмысшы тобы құрылып, әкімдіктер ұсынған елді мекендерде көктемгі дәрілеу, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізудің кестесі бекітілді. Үстіміздігі жылы бұл бағыттағы жұмыстарға 83,1 млн. теңге қаржы бөлінді. Белгіленген мердігер мекеменің 55 адамы бар 11 бригадасы 28 наурыз бен 5 мамыр аралығында залалсыздандыру жұмыстарын талапқа сай атқарып шықты. Хабарламашы кейбір аудандарда, атап айтқанда, Арал, Қармақшы және Шиелі аудандарында мал тоғытатын ванналардың талапқа сай еместігі туралы да айтып өтті.

2-бет

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

ол қандай қажеттіліктен туындап отыр

Квзимемлекеттік меншікті жекешелендіру ұлттық компанияларға артық салмақ түсіріп отырған кейбір құрылымдарды оларға өз еншісін бере отырып қайта құрудан басталады. Бұл шара «Самұрық-Қазына» ҰОҚ-ға да тікелей қатысты. Жекешелендірудің жаңа толқынын жүзеге асыру мақсатында «Самұрық-Қазына» компаниялар тобын жекешелендіру жөніндегі басқарушы комитет құрылды. 14 адамнан тұратын

комитет басшысы, аталмыш қордың басқарма төрағасының орынбасары Елена Бахмутова осы жөнінде баспасөз мәслихатын өткізіп, Қазақстан заңнамасы мен озық шетелдік тәжірибені басшылыққа алынғанын атап көрсетті.

«Самұрық-Қазынаға» бөлінген әрбір тенге табыс әкелуі тиіс. Дағдарыстан өткен соң Елбасы бізге өз қызметімізге қайта оралу-ды тапсырды. Содан бері біз жекешелендіру ісіне кірісіп кеттік. Жекешелендіруді ал-

дымен бейінді емес активтерден бастадық, делі ол. «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ құрамына 599 компания кіреді. Олардың ішінде «ҚазМұнайГаз» АҚ, «ҚТЖ» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ сияқты еліміздің ең ірі компаниялары бар. 2013 жылы «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ бәсекелестік нарығына өзінің 11 бейіндік емес активтерін және 394 нысандарын шығарып сатты».

Мемлекеттік активтерді сатып алуға әлеуеті жететін сатып алушы кім? Бұл сауалдың

жауабы да көпшілікті мазалайды? Біздің қаныққанымыз, олар – жекешелендіру аясында сатып алуға әлеуеті жеткілікті отандық және шетелдік инвесторлар мен карапайым тұлғалар болып табылады. Оны қалай жүзеге асыруға болады? Ол үшін ешқандай билік орындарының табалдырығын тоздырудың қажеті жоқ. Ең алдымен ғаламтордан мемлекеттік мүлік реестрін веб-порталын ашып, осында, яғни «www.gosreestr.kz» порталындағы ортақ элек-

тронды сауда алаңындағы деректерге қанығуға болады. Мұнда ұлттық холдингтер мен компаниялар өз нысандарын сатуды жүзеге асырады. Яғни, тендер мен аукциондар электронды түрде өткізіледі. Бұл адам факторын барынша азайту әрі жемқорлықтан сақтану мақсатында жасалған шаралар болып табылады.

Сонымен Қазақстанда жекешелендірудің екінші толқыны басталды. Бұл шараға сіздің де қатысуға толық мүмкіндігіңіз бар.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

ҚР Премьер-министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы (2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы) өкіміне сәйкес «Қызылорда облысында 2014 жылға балалар мен жасосірімдердің жазғы демалысы мен сауықтырылу шараларын ұйымдастырудың іс-шаралар жоспары» бекітіліп, соған сәйкес жұмыс жүргізілуде. Облыстық білім басқармасымен бірлескен «Жазғы сауықтыру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, демалысы мен сауықтырылуына мониторинг жүргізу іс-шаралар жоспары» да жасалып, лагерлерге аусым сайын мониторинг жүргізілуде. Барлық аудан, қала әкімдеріне жазғы сауықтыру лагерлерінде өткен жылы орын алған кемшіліктер мен оларды жақсарту қажеттілігі туралы ұсыныс хаттар жолданды.

Облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау қызметі бақылауында 9 лагерь бар. Оның 8-і жергілікті бюджеттен және «Арай Санрайз» лагерьі «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ қарамағында. Облыстағы 9 сауықтыру лагерінде 7248 бала, 221 күндізгі лагерьде 16521 баланың тынығуы жоспарланған.

Қала сыртындағы лагерлердің санитарлық-техникалық жағдайы мен дайындық жұмыстарын ұйымдастыру соңғы жылдары біршама жақсарып келеді. Үстіміздегі жылы сауықтыру лагерлерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға 20 млн., жай жөндеуге – 7526 млн., күрделі жөндеуге 138,609 млн. қаралды. Жалағаш ауданындағы «Ақтерек» лагеріне 47293 млн. тенге бөлініп, асхана, жатын ғимараты, су, лас су жүйесі, ал Сырдария ауданы «Жалын» лагеріне 64316 млн. тенгеге 10 жатын және асхана ғимараты, сондай-ақ Жаңақорған ауданы «Тау самалы» лагерінде 27 млн. тенгеге 2 жатын, асхана ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді. Қазалыдағы «Шағала» лагеріне 4 млн. 450 мың тенгеге ғимарат ішіне су жүйесі кіргізіліп, бассейн, безгізгілері жөндеуден өткізілді. Жалағаш, Жаңақорған аудандығы лагерлеріне қосымша жатын жиһаздары, Сырдария, Жалағаш лагерлерінің асханасына технологиялық жабдықтар алынды. Сырдария ауданы «Жалы» лагерінде жаңадан спорт алаңы іске қосылды.

Балаларды тамакандыруды ұйымдастыру сапасы соңғы жылдары біршама жолға қойылды. Тамакандыру ісі алдын ала жос-

Дегенмен де, Арал, Қазалы аудандары мен Қызылорда қаласы лагері ғимараттары күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Шіелі ауданындағы «Сыр ұланы» лагері бейімделген ғимаратта орналасқан. Қармақшы, Шіелі ауданында жаңа лагерь құрылысы мәселесі толық шешімін таппаған. Шіелі, Жаңақорған, Жалағаш ауданы лагерлерінің асханалары қажетті технологиялық тоназытқыш жабдықтармен жеткіліксіз қамтамасыз етілген. Балаларға сапалы сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыруға, тұрақты түрде жұмыс істейтін мейірбике және педиатр, тіс дәрігерін бөлу мәселесі Шіелі, Сырдария, Жаңақорған ауданында шешілмеген.

Үстіміздегі жылдың 1 маусымына 6 лагерь жұмысын бастады. Сырдария, Жалағаш ауданы лагерлерінде күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталмауынан, Қазалы ауданындағы «Шағала» лагерінде ҰБТ-ға қатысатын түлектерді орналастыруға байланысты ондағы жұмыстар кеш басталды.

Қазіргі таңға 9 лагерьде 2660 бала, 221 күндізгі лагерьде 16448 бала демалды.

Аудан, Қызылорда қаласындағы балалар сауықтыру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, жұкпалы ішек аурулары мен тағамнан уланудың алдын алу мақсатында облыстық білім, денсаулық сақтау басқармаларымен бірлескен көпшілі облыстық семинарлар мен «Балалардың қауіпсіз және салауатты демалысы» тақырыбында көптеген акциялар өткізілуде. Жазғы сауықтыру және мектеп жаны күндізгі лагерлерінде орын алған

“ОТАУ ТВ”-ҒА ӘРБІР ҮШІНШІ ОТБАСЫ ҚОСЫЛҒАН

“Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының белсенді ошақтарына Жаңақорған, Шіелі, Сырдария, Арал ауданы мен Қызылорда қаласының аумағы жатқызылып келсе, енді олардың қатарына Қармақшы ауданы қосылып отыр. Бұл туралы облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі департаменттің басшысы Рзақұл Нұртаев өз кезегінде айтып өтті. Ол маусым айының 26-да Қармақшы ауданында аталған наукас түріне күдікті ретінде аудан тұрғыны

зілген кенеге қарсы өңдеу жұмыстарының тиімділігін тексеру облыс бойынша 23 елді мекенде тиімділігі 90 пайыздан төмен болғанын көрсетті. Жалпы, бұл жұмыстардың тиімділігі мал тоғыту ванналарының өз дәрежесінде болуына да байланысты. Осы ретте С.Қожаниязов тоғандардың сапалы әрі талапқа сай жасалуына қатаң бақылау жасау керектігін тапсырды. Соны-

лы Қызылорда облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Мұрат Келесов баяндап берді. Жыл басынан бері облыс көлемінде 18 адамның суда қаза болу фактісі тіркелсе, оның төртеуі бала. Мұның ішінде суға түсу маусымы басталғаннан бері суда қаза болғандар 11 адам, оның біреуі бала. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қайтыс болған адам саны 12 пайызға, бала саны 33 пайызға азайған. “Суда құтқару” қызметкерлерінің дер кезінде әрекет жасауы арқасында 9 адамның өмірін сақтап қалды.

Орын алған жағдайлардың басты себептеріне балық аулау кезінде қауіпсіздікті сақтамау, суға түсуге бейімделмеген жерлерде қауіптілікті елемей, спирттік ішімдік ішіп суға түсу, үлкендердің бақылауынсыз суға түсу секілді оқиғалар жатады. Аталған төтенше жағдайларды азайту және болдырмау мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан бірқатар жұмыстар да атқарылуда. Түсінік жұмыстары халық көп шоғырланатын жерлерде жүргізілуде.

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Р.Үстемов күн тәртібіне сай 2014 жылдың қорытындысымен бұқаралық ақпарат құралдарына жазылу және “ОТАУ ТВ” спутниктік телеарнасына қосылу жұмыстарының барысы туралы айтып берді Ол баспасөзге жазылу деңгейінің төмендеп отырғанына мәжіліске қатысушылардың назарын аударды. Бұған кейбір облыстық басқармалардағы төмен көрсеткіштер де өзіндік

үлес қосып отырған жайы бар. Дегенмен, бұл қалыс қалуды түзетуге мүмкіндіктер бар. Пошта бөлімдері әрбір келесі айдан бастап газеттердің келе беруіне мүмкіндік жасап қойған. Тек, жазылуға ынта болсын деңіз.

Облыста 148 мың отбасы болса, соның қазіргі таңда 30 пайыздайы “ОТАУ ТВ” спутниктік телеарнасына қосылған. Шет аудандарда көрші облыстан келген дилерлер атсалысып жатыр. Бірақ, олардың қосып жатқан үйлері біздің аймақтың есебіне кірмей қалуы мүмкін.

Осы орайда С.Қожаниязов облыстық басқарма басшыларына бұқаралық ақпарат құралдарына жазылу деңгейін көтеру керектігін ескертті. Сонымен қатар, алдағы уақыттарда әкімдер рейтингілеріне “ОТАУ ТВ” спутниктік телеарнасына қосылу көрсеткіштері де кіретінін еске салды. Сондықтан, бұл істе де жайбарақаттық танытудың негізі жоқ. Ал көрші облыс дилерлері қосып берген нүктелерді өз есебімізге кіргізу бағытында жұмыс жүргізілуі керек. Өйтпеген жағдайда, олар қажетті техникалық көмек ала алмауы мүмкін.

Мәжіліс соңында облыс әкімі аппаратының басшысы Қанат Жайсаңбаев алдағы уақытта бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде облыс әкімдігінің кеңейтілген мәжілісі өтетінін хабарлап, оған дайындықпен келу керек туралы аудандар әкімдері мен басқармалар басшыларын ескертті.

Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.



жұкпалы аурулар ауруханасына жатқызылғанын және диагнозын анықталғанын жеткізді. Кешенді ем жүргізілгеннен кейін наукастың жағдайы жақсарып, 11-ші шілде күні ауруханадан шығарылған. Ауру ошағында тиісті залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Ал наукаспен қатынаста болғандар арасында ауруға күдіктілер анықталған жоқ.

Көктемгі жүргі-

мен бірге, табиғи ошақтарда тамыз айының 15-нен басталатын күзгі маусымдағы кенеге қарсы жоспарлы өңдеу шараларының дер кезінде, уақытылы және сапалы жүргізілу басты назарда болуы тиісті құрылымдар басшыларына ескертілді.

Жаз маусымында суға шомылудың қауіпсіздік шаралары әкімдік мәжілісінде қаралған келесі мәселе болды. Бұл тура-

хын іске асыру, Абдасулованың алкогольсіз су-сындай әзірлеу тәрізді жобалары жатады. Жастайынан басшылыққа араласқан Әліби қазіргі таңда байырғы қызметкерлердің қатарынан саналады. Оның аузынан шыққан келесі сөйлемге елеңдей құлақ түрдім. Олай болмағанда ше? Әрбір жаңадан ашылған жұмыс орны кемінде бірнеше адамның, қалаберсіз әлденеше отбасының нәпақасы екендігі даусыз. Бұған қалайша қуанбасмын. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру ауданда тұрақты күн тәртібінде тұр. Экономиканың шикізатты емес секторларында кәсіпкерліктің төңгерімді өсуін қамту тұрғысында «Құрылыс ма-



ҚАЗАЛЫНЫҢ БАЗАРЫ – АУЫЛ-АЙМАҚ АЖАРЫ

Бүгінгі таңдағы кәсіпкерлік саласы ерекше қарқынмен дамығанына талас жоқ. Бұл ел арасында «Кіші Түркістан» аталатын Қазалыға да тән көрініс. Кеңт орталығындағы талапқа сай базарлардан іздегеніңізді қиналмай табасыз. Аудан көлемінен асып, әрісі – Шалқар, берісі Байқоңырдан ат арытып жетіп сауда жасап жатқандарды кездестіресіз. Міне, халық бағасының шынайылығының дәлелі.

Ежелгі Тұран ойпатының перзенттерінің осы бағыттағы аяқ алысы мақтауға лайықты. Біздің бұл пікіріміз Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбиевпен болған екеуара әңгімеден соң тіпті бекемделе түсті.

Башының айтуынша, үстіміздегі жылдың 5 айында есепке алынған шағын кәсіпкерлік субъектілері өткен кезеңмен салыстырғанда біршама өскен. Аудан бюджетіне шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен қомалты салық түсіп отыр. Сондай-ақ, бөлшек сауда қызметі бойынша тауар айналымының көлемі де арта түсуде. Өнеркәсіп өндірісінде де ілгерілеушілік байқалады. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасымен жоспарланған жобалардың 4-і аймақтың үйлестіру кеңесінде мақұлданды. Олардың қатарына «Сыр маржаны» ЖШС-ның «500 басқа арналған мал бордақылау» кешенін салу, жеке кәсіпкер Мәмбетжановтың темір-бетон бұйымдарын шығару, Рахметовтің құрылыс және жиһаз бұйымдарын дайындау це-

хын іске асыру, Абдасулованың алкогольсіз су-сындай әзірлеу тәрізді жобалары жатады. Жастайынан басшылыққа араласқан Әліби қазіргі таңда байырғы қызметкерлердің қатарынан саналады. Оның аузынан шыққан келесі сөйлемге елеңдей құлақ түрдім. Олай болмағанда ше? Әрбір жаңадан ашылған жұмыс орны кемінде бірнеше адамның, қалаберсіз әлденеше отбасының нәпақасы екендігі даусыз. Бұған қалайша қуанбасмын. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру ауданда тұрақты күн тәртібінде тұр. Экономиканың шикізатты емес секторларында кәсіпкерліктің төңгерімді өсуін қамту тұрғысында «Құрылыс ма-

териалдарын өндіру» жобасымен «Халық банкі» арқылы жеке кәсіпкер А. Рахметов алған 12 млн. тенге несие ««Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы субсидияланғанға ұқсайды. Міне, керемет! Жөнілдік деп осыны айт. Оған қоса «Даму Start Up» жобасы бойынша М.Төлегенов «Банк-ЦентрКредит» АҚ-нан 3 млн. тенге несие иеленді. Өлетте, ауылды алтын бесікке теңейміз. Мұндай жанапшырылқандалаперзенттеріде қалыс қалмапты. Шалғай елді мекендерде кәсіпкерлікті дамыту мақсатында ««Қызылорда ПРЭКО» Консолтингтік компаниясы» ЖШС маркетингтік зерттеу жүргізіпті. Қорытындысында шағын нан өндіру, құс шаруашылығын дамыту, жұмыртқа өндіру, тұрмыстық қызмет көрсету орталығын жасақтап, «Бизнес-инкубатор» ұйымдастыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бағытында бизнес-жоспар әзірленіп, түсіндіру шаралары ұсынылды. Кәсіпкерлерді несие-лендіруде «БТА», «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның Қазалы филиалдары мен шағын несие-лік ұйымдар, несие-лік теріктестер жыл ба-

сынан бері 305,64 млн. тенге несие қаражаты берілген. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға кенттің солтүстік батыс беткейінен «Өндірістік аймақ» ұйымдастырып, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Азық-түлік бағасын тұрақтандыруда «Сауда-логистикалық орталық ұйымдастыру» жобасы аса маңызды.

– Нақты кезінде «Қазалы Жолаушы» ЖШС қалааралық автостанция құрылысын бастап та кетті. «Қазалы даму» кооперативтік қоры ««Байқоңыр» ӘКК ҰК» АҚ-мен бірлесіп инвестициялық жобаны іске асыру, жергілікті тауар өндірушілер «РЗА» АҚ, «Сыр маржаны», «Нұр Ас және К» ЖШС, «Бақыт» шаруа қожалығының сауда орталықтарын салу жөнінде жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Бөлім тарапынан ауданда шағын кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті одан әрі ұлғайту үшін кәсіпкерлікті дамытушылар арасында өнім өндіру бағытындағы қызметтердің көлемін ұлғайту, берілген несиенің өз мақсатында пайдаланылып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жергілікті салық базасының ұлғаюына ықпал ету басты назарда болады. Қысқасы, кәсіпкерліктің келешегі кемел дейді Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбиев.

Ауданда кәсіпкерліктің дамуына, сөз жоқ, Қазалы базары үлкен серпін беріп отыр. Базарлы ел – ажарлы деген осы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП



парланып, жергілікті тұтынушылардың құқықтарын қорғау қызметімен келісілген перспективасы ақ мәзіріне сай жүргізіледі. Ыстық су “Аристон” қондырғылары арқылы беріледі. Балаларға сапалы сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыруға және олардың тиімділігін бағалауға Арал, Қазалы, Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласы лагерінде дәрігер-педиатр бөлініп, медициналық көмек көрсетіледі. Арал ауданындағы “Ұландар” және Сырдария ауданындағы “Жалын” лагерінде табиғи су көзі қарастырылған, қалған 7 лагерьде бассейн жұмыс жасауда.

кемшіліктер бойынша 6 айыппұл, 2 материал прокуратураға, жергілікті мәслихат, әкімдікке 18 ұсыныс хаттар жолданды.

Жалпы бүгінде балаларды сауықтыру ұйымдарына санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жұмыстарын жүргізу ісі өзінің жалғасын табууда.

Рзақұл НҰРТАЕВ,
облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КІТАПТАР

Қызылорда облысының ұлттық кәсіпкерлер палатасының Шіелі ауданындағы филиалының ұйымдастыруымен аудандық орталық кітапханада «Бизнес биігіне біліммен» тақырыбында кәсіпкерлерге арналған кітаптардың тұсаукесер рәсімі өтті.

Аталмыш шаралда филиал директоры Р.Нысанханов «Кіші бизнес үшін 100 жоба» кітабының жас кәсіпкерлер мен кәсібін бастаймын деушілерге көмегінің мол екендігін түсіндірді. Сондай-ақ, қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, аудандық кітапханаға 10 дана, арнаулы оқу орындарына 4 дана, білім бөліміне 10 дана, жас кәсіпкерлерге 10 дана кітаптарды салтанатты түрде табыстады. Шара соңында аудандық кітапхана менгерушісінің міндетін атқарушы Н.Рысбекова, индустриалды-аграрлы колледж директорының орынбасары Г.Жұматовта, «Қызылординские вести» газетінің тілшісі М.Ибрашев және жас кәсіпкер Ә.Хайруллаева сөз алып, филиал жұмысына сәттілік тілеп, кәсіпкерлікті бастау тұрғысындағы алғашқы көмектеріне алғыстарын айтты.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Шіелі аудандық филиалы Елбасы бағдарламасына сай кәсіпкерлік өрісінің кеңейе түсуіне өзіндік үлесін қоса беретін болады.

Нұрмашан ЕЛТАЙ.
Шіелі ауданы.

НАРТАЙ ЖЫРЛАҒАН ҰСТАЗ

Ел еңсесін көтеріп, жырын көкке самғатып, акын Нартайдың атак-даңқы дүркіреп тұрған кез. Көкірегі жырга толған акын “Алғабастың” қырманында қара гармоньды құлаштай сермеп, көкке ұшқан құстың қанат қағысын бауалатып тұр. Неткен шырқау, төгілген жыр. Шаршап-шалдыққан дикандар бой жазып, бір серпіліп қалды. Алыстан “Көк жорғалы” біреу құйындатып келеді. Жас бала екен. Ауылындағы ат бапкерінің баласы екенін бірден таныды Нартай.

– Аға, сүйінші! Баукен аға ұлды болды. Соған сізді шақыра келдім.

– Ал, ағайын, Баукен туысым ұлды болыпты. Мен сол жерді жыраулатып, сіздерге ертең келіп жыр-жырлайын, – деп гармоньн құшақтап, әлгі сүйінші сұраған баланың көк жорғасына мінді. Бала артында, жануар ауылға қарай жол тартқанын сезгендей ме қалай, құлағын қайшылатып жүйткіп келеді.

Акын Нартай Баукеннің “Үлгілідегі” үйіне бар ағайын жиналып, той-думан қызып жатқан үстінен шықты. Ақынға ойы-қыры бірдей емес пе, аттан түсе жырды нөсерлете төгіп тастады.

Ауылға келіп қалдым, Баукен інім, Кып-қызыл жарылыпты қызыл гүлін. Келешек ғалым болып, ақын болып, Халқына төгіп тұрсын күннің нұрын! – Ой, пәлле, төк-төк, Нартай аға, – деген Баукен көзінен қуаныштың жасын ірікті. Ақын боп, Абайдай боп дауылдасын, Мөңгілік ұлытпасын бауырласын. Досына дос боп өсіп, дұшпанына Тас болсын, қайсар болсын, табынбасын!

Акын жыры толастамады, жаңбырша төгілді.

Баукен ағасын төрге отырғызып, шекпенін кереге басына ілді. Қолына су құйып, дастарқан жайылып, табақ тартылды.

– Атын кім қоямыз, Нартай аға!

– Абай болсын, ағайын! Абайдай бала болсын, Абайдай дана болсын!

– Құл, Нартай аға, – деп Баукен қызыл-шақа нәрестені көтеріп, акын Нартайдың қолына ұстатты.

– Ал, Абай, жолың болсын! – деп акын Нартай қара гармоньға қол созды. Тағы да жыр төгілді. Сонымен, ұл аты Абай болып, думан түн бойы толастамай, “Үлгілі” аспанында қалықтады.

Сол Абай биыл 70-ке толды. Шиелінің орталығындағы ең бір тәуір мейрамханада екі жүздей қонақ бас қосып, Абайдың жетпіс жылдығын дүркіретіп өткізді. Астана, Алматы, Шымкент, Түркістаннан, Сыр өңірінен қонақтар келіп, тілектерін жаудырды.

– Біздің ауыл батырлар мен ақындар ауылы, – деді Абай той үстінде. Акын Нартай, жазушы Қалмақан, дикан Шырыңкүл мен Ұлбала біздің топтырақтың тарландары. Бала кезінде қолынан кітабы түспейтін талантты журналист Нұртөре Жүсіпті ұшырған өңір. Шиелі даңқты Ыбырайдың жұлдызы жанған жер, Лениндік сыйлықтың лауреаты Шахмардан Есеновпен бір бөлек мақтанамыз, – деп сөз төгітті.

Бұл Абай Бауқенов қазақ тілі мен әдебиет пәнінің маманы. Әдеби дүниелерді шемішкедей шағады. Өзі Абай болғасын ба, Абай жырларын отырған жерде жатқа соғады.

Нартай ауылындағы орта мектепте 21 жылдай мектеп директоры, көршілес ауылдарда 14 жыл қатардағы мұғалім, 8 жыл директордың орынбасары қызметін атқарған азамат. Өкесі Баукен 1941 жылы “Құрмет белгісі” орденін алған “Үлгілі” колхозының төрағасы, осы ауылды елуінші жылдарға дейін басқарған ел ағасы. Анасы Тәшен Исаханова туған жердің абызы болған, қасиетті көне сөздің көмбесі еді.


Абай Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, ер еңбегінің шежіресіндей оңға тарта орден, медаль омырауында жарқырайды. Сүйікті жыры Күләйхан ұзақ жыл өзімен бірге ұстаз болды, екі ұл, бес қыз тәрбиелеп, қанаттандырды. Бәрі де жоғары білімділер.

Ауыл ұстазы Абайдың шәкірттері жер-жерде өз еңбектерінің мақтанышына айналған ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, экономистер. Қызметтес болған Злиха, Күләш, Өмірхан, Кенже, Бақытжан, Райхан, Құралай, Тұрғанкүл, Шайхислам, тағы тағылар ұстаз ағаларын тағзым ете әңгімелейді.

Бұл күндері Нартай акын жырлаған Абай туған жері Нартай ауылындағы Нартай көшесіндегі зәулім үйде немерелерінің ортасында шат-шадыман күйде. Шалбарының қыры сынбаған, көйлекке жарасымды галстукті таңдап тағатын аға әлі қуатты, ширақ.

Біз баяғы ұстаз Абай Бауқеновпен бір сәт жетпіс жылдығын өткізген күннің ертеңіне кездестік.

– Мерейтойым жақсы өтті. Жұртыма ризамын әлгі әзірде Нартай бабам ескерткішіне гүл шоғын қойып, зиратына құран бағыштап оралдым. Бойыма бір қуат



біткендей, жасарғандаймын. Тәуелсіз елдің егемендігін көрдік, бұған жеткен де бар, жетпеген де бар, – деп толғанады Абай. – Акын Нартай 1890 жылғы ғой. 1954 жылы 12 желтоқсанда дүниеден өтті. Құн қатты суық еді. Менің он жасар кезім. Бірде ағайын-туыстармен көңілін сұрағанда еріп бардым. Бала болсам да, бір байқағаным, акын сырқатқа мойын бұрар емес. Бірақ жүздеу тартқанын байқалым. Жастықтан басын көтеріп, «халіңіз қалай, Нареке» деген-дерге:

– Өздерің білер Нартаймын, Нар болсам да қартайдым! Арнасы бар да өзі жоқ, Баяғы дауыс айқайдың Дәме бар да, дәрмен жоқ, Басты еріксіз шайқаймын, – деп гармоньға қолы ілікпей, осы бір шумақты төгілген еді. Осы бір өлең жолдары есімнен кетпейді. Жақсы қартайсаң, не арман бар деп Абай тіпті толқып кетті. – Қуаныш көбейе берсін, ауылдың Абайы! – дедік біз.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

“БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ” ЖОРЫҒЫ

Жалағаш ауданы әкімінің қолдауымен есімі елге танымал би Өмірбай шешен зиратына ескерткіш белгі қою мақсатында “Бабаларға тағзым” атты жорық-саяхаты өткізілді. Бұл саяхатқа көнеқос қариялар мен жас ортасындағылар қасқаталып, алты автокөлікпен шалғай жерде қоныс тепкен би зиратына ат бастарын бұрды. Аудан әкімдігі саяхатқа қатысушыларды барлық қажеттіліктермен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз еткен. Саяхатшылар жежелі жерге барып-қайту жолдарын есептегенде 640 шақырым жолмен жүріп өтіпті.

Сөз орайы келгенде Өмірбай шешен өмірдеріне сәл-пәл шегініс жасалық. Аузымен құс тістеген, тілімен түйін түйген, орақ тілді Өмірбай бабамыз 1768 жылы Жалағаш ауданына қарасты Ақшылғанак елді мекенінде дүниеге келіпті. Байқон би: “Балаң ой мен тілге бай болар, үш жүзге даңқы жетер, бұл бағы өзінен кетер” дегендей, кезінде Өмірбай үш жүзге танымал текті тұлға болған. Ол ел

басына күн туған шақта елшілік жасаған, ағайын арасындағы дау-жанжалға төрелік айтып, ел-халықтың бірлігіне етене араласқан. Айтқан ойымыз орнықты болуы үшін Өмірбай биге қатысты бір ғана деректі назарларыңызға салалық.

Өмірбайдың сегіз жасар кезі болса керек. Кезіндегі Ақшылғанак ауылындағы бір кісінің баласы тұрмай, шегіней берген соң ауыл ақсақалдарын жинап, ас береді. Ас ішіліп болған соң үй иелері ақсақалдардан бата сұрайды. Үлкендер жағы бір-біріне сілтеме жасап, бата бере алмаса керек. Сонда есік табалдырығына таяу тұрған Өмірбай бала: “Үлкен кісілер жаңылды, жаңылмаса, не қылды. Төрден іздеген батаңыз, босағадан табылды. Осы берген құдайың, Алладан болсын қабылды, Құдай ашың бағыңды, аумин!” дейді ғой. Баланың батасынан кейін әлгі кісіні құдай қолдап, перзентті болыпты. Осындай кейін-ақ Өмірбайдың тасы тауға өрлеп, ел-халыққа таныла бастайды.

Өмірбай шешеннің шөбересі Мұратбай-ұлы Мұқан ақсақал атасының ел арасында тараған аталы сөзін жинақтап жүрген көрінеді. Соның тағы біріне көз жіберелік.

Заманында Кенесары хан батыр Байқадам мен шөлкем-шалыс келіп, зынданға салдырады. Сонда Кенесарыға елшілікке Өмірбай келіпті. Аймаққа аты мәлім – Өмірбайды Кенесары құшақ жая қарсы алып, барлық жөн-жоралғыны жасайды. Дастарқанға ас келіп, Өмірбай биге бас тартылып жатқанда ол табакшыларға “қоя тұр” дегендей ишара жасап:

– Кенеке, даңқың алты Алашқа танымал қол бастаған батырсың, ел бастаған көсемсің. Ата салтымызда ағаның алдына түскенді көріп пе едің? Мен ағам Байқадам тұрғанда бас ұстамаймын, – деген екен.

Аталы сөзге тоқтаған Кенесары хан Байқадам батырды зынданнан алдырып, Өмірбай шешенмен табыстырған көрінеді.

Өмірбай шешен 1858 жылы Қарақұм

қойнауындағы Жырақ тауының етегінде қайтыс болады. Жалағаштық жорықшы-саяхатшылар осы кішігірім Жырақ тауы етегіндегі Өмірбай зиратына ескерткіш белгі қоюды мұрат еткендіктерін жоғарыда айттық қой. Жалағаш қыстағынан 320 шақырымға жуық шалғай жатқан Жырақ қыратына олар тоғыз сағат бойы көлікпен жүріп жетеді. Шешен би зиратына ескерткіш белгілерін қойған соң Кіші Жырақ бұлағының басына барады. Кеңестік дәуірде қазылған артезиан құдығының бұлақ суы әлі де тоқтамастан бұрқылдай ағып тұр екен. Мұп-мұздай, тап-таза мөлдір суға жуынған дастарқан жайды. Аудан әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылған осы бір игілікті ісбапарын еліміздің ертегі – жастарға берер ғыраты мен тағылымы орасан зор.

Е.ӨБІЛ.

Жалағаш ауданы.

СЫР Өңірінің түлектері, құр қалмаңыздар!!!



Биыл университетіміз оңтүстік өңір түлектеріне арналған қосымша 150 мемлекеттік грантка ие болды! Егер Сіз ҰБТ-дан 50 балдан артық балл жинасаңыз, арнайы грант иесі бола аласыз! Қасиетті Көкше өңіріндегі жоғары білім ордасы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде,

сапалы білім алып, білікті де білмді маман иесі болуға шақырамыз! Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-да оқу үшін Оңтүстік Қазақстан облыстарының мектеп түлектеріне арнайы мына мамандықтар бойынша мемлекеттік білім гранттары бөлінді:
Тандау пәні:
5B010200 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен - Биология
әдістемесі
5B010900 Математика - Физика
5B011000 Физика - Физика
5B011100 Информатика - Физика
5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті - Қазақ әдебиеті
5B011300 Биология - Биология
5B011400 Тарих - Дүние жүзі тарихы
5B01200 Кәсіптік оқыту - Физика
Сонымен қатар Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті бакалавриаттың 53 мамандығына мамандар даярлығын күндізгі, сырттай (жоғары және орта кәсіптік білім беру негізінде) қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы және кешкі оқыту түрінде білім алуға шақырады!
Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дың коды – 035
020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 76.
Тел: қабылдау комиссиясы: +7(7162) 255626, 87012261629, 87773063767.
e-mail: mail@kgu.kz, kgu@mail.kz, kgukz@mail.ru
website: www.kgu.kz

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

Павлодар мемлекеттік технологиялық колледжі 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнімдерінің технологиясы және өндірісті ұйымдастыру» мамандығы бойынша 11 сынып түлектерін техникалық және кәсіптік білім беру кадрларды даярлауға құжаттарды қабылдайтындығын жариялайды, оқу мерзімі 2 жыл 6 ай. Оқыту бюджеттік негізде. Колледжде оқуға түсу ҰБТ сертификатының немесе қабылдау емтихандарының негізінде. Оқушылар жатақханада тұру, шәкіртқа алу және тамақтанумен қамтамасыз етіледі. Екі жаққа жол ақысы, кіндіру (қыс мерзімі кезінде қысқы киім) беріледі.

Біздің мекенжайымыз:

Павлодар қаласы, Я.Геринг. 78 көш.

Телефоны: 87182-51-58-59; 50-53-16.

e.mail: tehcol@mail.ru

Облыс тұрғындары мен заңды тұлғалардың назарына!

“ҚуатАмлонМұнай” біріккен кәсіпорнының Қоныс кенішінен Құмкөл кеніші бағытымен мұнай құбыры тартылған, жалпы ұзындығы 74 км. Құбыр бойына арнаулы айақтағыш белгілері қойылып, құбырдың қорғаныс аумағы көрсетілген. Құбырдың автокөлік жолмен қиылысатын жерлеріне автокөлік нысанының тоқтауына тыйым салатын белгілер қойылған. Осы себепті сіздерден құбыр бойымен жүрген кездеріңізде қауіпсіздік шараларын сақтауыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnata@mail.ru



Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Еліміз білім беру жүйесінің санға ғана емес, сапаға негізделуі бүгінгі күннің талабы екені белгілі. Соған орай білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруы қажет. Біз өмір сүріп отырған кезең – жаңа дәуір. Сондықтан ол жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап етеді. Соның ішінде, білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы тіпті ерекше.

“Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Қызылорда филиалының директоры Бауыржан Елеусінов жуырда Оңтүстік Корея мемлекетінде болып қайтқан еді. Енді осы сапар барысы турасындағы тілшіміздің сұхбатын оқырмандар назарына ұсынғанды мақұл көрдік.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАША ЖҮЙЕ

– Бауыржан Тажмаганбетұлы, сапардың мақсаты жайлы айтып берсеңіз?

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Қазақстан-2050” стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары” бөлімінде білім беру мәселесіне айрықша көңіл бөлінген.

Міне, Елбасының осынау тапсырмаларын басшылыққа алған ұлттық орталық өз қызметкерлерінің Сеул Ұлттық университеті құрамындағы Soongsil Cyber университеті базасында біліктілігін арттырды. Мамандардың машықтануы “Smart learning Programme for Specialists of the

Republic of Kazakhstan” бағдарламасы бойынша ұйымдастырылды. Кибер университетінің профессорлары қазақстандық 55 педагогқа “Сандық технологияны қолдануда мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуы” және “Smart” оқыту негізінде мұғалімнің кәсіби дамуы” деген екі бағыт бойынша дәріс берді. Негізгі мақсат “Smart” оқыту саласын ұйымдастыру бойынша қазақстандық мамандардың біліктіліктерін арттыру және Корей елі білім беру жүйесінің даму үрдісімен танысу.

– Корея мемлекеті туралы кеңірек тоқтасаңыз?

– Оңтүстік Корея республикасы – “Таң самалы елі” аталатын Шығыс Азиядағы Корей түбегінде орын тепкен мемлекет. Сонау 1960 жылдардан бастап

экономикалық дамуды алдарына мақсат етіп қойып, керемет жетістіктерге жеткен бұл ел “Ханган өзені бойындағы ғажайып” деп аталады. Ал 1996 жылы дамыған елдер деңгейіне жетті. Бұған Үкіметтің өндірісті қолдауы, экспортты дамытуға бағытталған стратегия, ең соңғы технологияны қолдану, жоғары білімді мамандар мен кәсіби жұмысшылар даярлау ықпал етті. “Азия жолбарысына” айналған олар бүгінгі күні экономикалық көрсеткіші жөнінен әлемде 13 орынды иемденеді.

– Таң самалы елінің білімі мен ғылымы жайлы не айтасыз?

– Білім мен ғылымды аса бағалайтын Корей елі қазіргі таңда бұл салада көш басында келеді. Мұнда жоғары қарқынмен дамып келе жатқан техниканың жаңа жетістіктерін ашумен

қатар, оны білім саласына енгізу жолға қойылған. Жастардың сол техникаға әуестігін білім алумен алмастыра отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізу мақсат етілген. Осы тұрғыда бастауыш және орта мектеп оқушыларының білім баспалдағы бойынша өз қабілеттеріне

– Smart оқыту жүйесін таратып түсіндірсеңіз?

– Бұл жүйе әр адамды өмір бойы оқуға, жаңа білім мен технологияларды меңгеруге, инновациялық мүмкіншіліктерін дамытуға, өзіне жауапкершілік пен міндеттеме ала білуге бейімдейтін ынталандыру ортасын құру болып табылады. Smart оқыту – Smart құрылғыларды пайдалану арқылы арнайы дербестендірілген білім беру ортасы. Ол дегеніміз – ultrabook, телефондар, смартфондар, планшеттер, ноутбуктер, мининоутбуктер, т.б. Бұл креативті сыни ойлауды қалыптастыру және әр түрлі білімді игеруге бағытталған қабілет айырмашылықтарын және дербес қалауларын ескеретін бейімделген білім беру.

Smart термині аббревиатурасының сипаттамаларымен негізделген. S (specific) – мақсаттың нақтылығы (ерекшелігі); M (measurable) – өлшемділік; A (achievable) – қолжетімділік (келісімділік); R (relevant) – релеванттылық (сәйкестік); T (time bound) – уақытша мерзімдер.

Smart оқыту ерекшеліктері – білім беру ортасының өзгерістерімен тартылған жаңа типті білім беру, Smart құрылғыларды мақсатты және кешенді пайдалану, әлеуметтік желі қызметтері арқылы білім алмасу, жекешелендірілген бағытты ескеретін білім беру қызметтері, оқушыға бағдарланған білім беру ортасы. Ал білім беру әдістері – интерактивті, игрофикация және т.б.

– Педагогтар қандай іс-тәжірибелермен танысты?

– Машықтану шеңберінде олар Оңтүстік Кореяның білім беру саласындағы бастауыш (EunSeok Elementary School), орта (DaeWon international Middle School) және жоғары мектептер (DaeWon Foreign Language high School), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектептердің (KyungWoon School) іс-тәжірибесімен танысты.

Бір атап өтер жайт, мұнда мүмкіндігі шектеулі жандар мәселесіне баса назар аударылады екен. Осы бағытта жұмыс жасайтын мектептер базасында әр түрлі факультативті үйірмелер өткізу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына басты көңіл бөлінген. KyungWoon мектебінің мақсаты – балаларды қоршаған ортаға зиян келтірмей, қоғамға бейімделе білуге дайындау. Аталым мектептегі сабақтар адамгершілік, кешенді білім беру, т.б. бірнеше санатта өтеді.

Бұдан басқа Сеул қаласындағы SK-IT телеком компаниясында қолданылып жатқан жаңа технология үлгілерімен танысып, Soongsil Cyber университетінің дыбыстық және бейне жазба студиясында болды. Жаңа техникалық құрылғылармен қамтылған бірнеше студиядан тұратын орталықта қатысушылар қысқаша өз жұмыстарын жасады.

– Бауыржан Тажмаганбетұлы, алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

– Жасыратыны жоқ, Оңтүстік Кореядағы біліктілікті арттыру курсы жаңа идеялар мен болашаққа жанаша жоспарлар және білім беруде жанаша көзқарастар қалыптастырды. “Өрлеу” БАҰО” АҚ филиалдары алдағы өтетін біліктілікті күрестарында облыс мұғалімдеріне Smart оқытудың негізгі ұстанымдары жайлы толық ақпарат беруді, Smart оқыту қолданылатын экспериментальді мектептер жүйесін анықтап, осы бағытта елімізде алғашқылардың бірі болып жұмыс жүргізуді жоспарлап отырымыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Бақытбай БЕРДІБАЕВ.

ТӨР СЕНКІ, ТУҒАН ТІЛ

ӨЗ ТІЛІҢДІ
ӨГЕЙСІТПЕ

“Сыр бойы” газетінің өткен нөмірлерінің бірінде жарияланған мақалада облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы аймақтағы ана тілінің қолданылуы мен оның мемлекеттік мәртебесі жайлы сөз қозғаған-ды. Шындығында, Тәуелсіздік алғанмызға 22 жыл толса да, кеңес заманының зардабын әлі тартып келеміз. Елбасымыз айтқандай, «Мәңгілік ел» боламыз десе, шет елдің қаңсығынан аралатын кез жетті. Осылай айтқы келе жатқанымызға да осыншама уақыт болса да, әлі көңіл жұбатарлық нәтиже шамалы. Қаланың ішін анда-санда бір аралаймын, сол кезде мен өзімді шет елде жүргендей сезінемін. Көшенің бәрі шет елдік жазумен тұнып қалған. «Nomad Palace», «Grand Plaza» т.б... Сонымен бірге қазақ тілінің ауыз екі қолданылуына келсек, үлкен де, кіші де орыс тілін араластырып сөйлегенімен қоймай, «тырық» сөзін көп қолданады, Мысалы, «бір нәрсе істеп жатырық, отырық, тұрық» деп көп айтады. Осыны қалай түсінуге болады? Мұның түп-төркіні қайдан шыққан. Ұстазым Сардарбек ағаймен әкемің осы мәселе жайлы ұзақ пікірталаста болғандығы жиі есіме түседі. Ол кісілерді де қазақ тілінің шұбарланып бара жатқандығы көп ойландыратын. Мен мүмкіндігінше отбасыма болсын, басқалардың арасында болсын, әсіресе жастардың таза қазақша сөйлеуін қалағалап отырамын. Қарапайым күнделікті телефонмен сөйлескенде «званды-ды» дегенше қонырау шалды десе, қандай жарасымды. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңында «Қазақстан республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан республикасының әрбір азаматының парызы» – деп атап көрсетілген. Міне, сондықтан да қасиетті ата-бабамыздың тілі өз ана тілімізді құрметтейік әрі таза сөйлейік.

Күлпаш КҮНШЫҒАРОВА,
Талсуат ауылы.

Тұрар ӘБУОВ, дінтанушы:

«ШЕТ ЕЛДЕ ОҚУ МӘСЕЛЕ ЕМЕС,
МӘСЕЛЕ – КІМНІҢ ОҚЫҒАНЫНДА»

Құрылғанына жыл тола қоймаса да, Қызылорда облысы дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы талай шаруа тындырып үлгерді. Халықтың әртүрлі топтарымен кездесіп, дәстүрлі емес және деструктивті діни ұйымдардың қоғамға зияны туралы айтумен келеді. Қала және аудан әкімдіктері жанындағы терроризмге қарсы комиссия аппаратының мүшелеріне тоқсан сайын семинар өтіп тұрады. «Жыл басынан бері облыс орталығында жүзден астам шара ұйымдастырылып, оларға 5 мыңның үстінде адам қатысты. Біз осылайша дәстүрлі рухани-діни құндылықтарды насихаттауға тырысамыз», – дейді орталық директоры, дінтанушы Тұрар Әбуов.

– Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Біреулер «ораза ұстаған адам намаз оқу керек» деп жатады. Осы дұрыс па бұл?

– Кейбір көзқарастар бойынша ораза жеке діни парыз болғандықтан намаз оқымағандардың оразасы есептеледі. Бірақ намазды төрк еткендері үшін өздері жауап береді. Қазір намаз оқып жүргендердің көбі құлшылықты ораздан бастаған. Сонымен бірге ораза ұстаған адамның амалы оны ұстауға шамасы келе тұрып, қасақана ауыз ашып жүргеннен абазырақ. Алайда ол келешекте намаз оқуға ниет етіп, оны тезірек меңгеріп алғаны жөн.

– Қоғамда тиімдідей жақсылығын айтып, дабыра қылатандар көп. Рамазан айында кейбіреулердің тіпті ауызашар жасағанына дейін «жарнама». Қазақ «істеген жақсылығыңды судағы балық білсін» деуші еді.

– Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген хадистерде ауызашар беруге қызықтырып, ауыз аштырған адамға ораза ұстағанның сауабындай сауап жазылатынын уәде еткен. Ал ауызашар бергенін «жарнамалау» мәселесі адамның ниеті, көзделген мақсатымен байланысты. Бір адамның жасаған ауызашары басқаларға да түрткі болуы мүмкін. Исламда жақсылық жасауда жарысу деген ұғым бар. Сондықтан ауыз аштырушының ниеті түзу болып, оны Алла ризалығы үшін жасаса, нұр үстіне нұр.

– Талас-тартысқа толы хиджаб тақырыбына қандай пәтуа айтуға болады? Қысқа шалбар киіп, шоқша сақал қойғандардан да қорқатын болдықы қой қазір. Олардың көкесегі не?

– Мұсылман әйелдер әуретін жабатын кең киім киюге міндетті. Алланың парызы болғандықтан, бұл – талқыланбайтын мәселе. Сонымен бірге әйелдердің де бетін жауып, тұмшаланып, Араб еліне немесе Пәкістанға еліктеуі де дұрыс емес. Дұрысы – ұлттық үлгіде, шаригат талаптарына сәйкес киінуі. Өкінішке орай кейбір бауырларымыз жан дүниесі, жүрек тазалығынан гөрі сыртқы көрінісіне көбірек мән береді. Нәтижесінде әдеп, ахлақ сынды рухани қасиеттері кеңжелен қалады. Онысыз да дінді түсіне алмай жүргендерге діндарларымыздың

кейбір «қылықтары» кәдімгідей салмақ түсіреді. Қорқыныш та, түсінбеушілік те осы себептен болса керек. Қысқа белдемше киген қыздардың барлығы жеңіл жүрісті деп айта алмаймыз ғой. Сол сияқты орамал таққанның барлығын өзге ағымның мүшесі деп айту тағы әбестік.

– Сіз басқаратын орталық мамандары Шәкәрім айтқан «шаатақ діндердің» елге зияны туралы бір кісідей-ақ айтып келеді. Олар терімізге озағалы қашан бірақ. Исламның өзі қырық түрге бөлінеді. Ақ пен қараны қалай ажыратамыз соңда?

– Өкінішке орай тәуелсіздігіміздің алғашқы жиырма жылында жат ағымдардың елімізге дендеп еніп, таралуына жағдай жасап, оларды қолдамасақта, жұмыс істеп, күшеюіне кедергі бола алмадық. Мұның көптеген себептері бар. Дегенмен, дін істері агенттігі құрылғалы бері діни ахуал бірішама түзеліп қалды. Атқарылған жұмыстар аз емес. Ал ақ пен қараны, шындық пен жалғанды ажырату үшін елімізде дәстүрлі дінімізді насихаттаушы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бағытын негізге алу керек. Бұл талас-тартыстың алдын алу және ауызбіршіліктің кепілі деп үміт етеміз.

– Дін қызметкерлерінің шет елдерде оқуына қалай қарайсыз? Қаниа дегенмен, әр елдің салты басқа ғой...

– Бабаларымыз қанша діндар болса да, күрделі білімдерді сырттан, нақтырақ айтсақ, Бұқара, Хиуа жактардан алып қайтатын. Діни мәртебеге не болу үшін оқуды Бұқарада тәмамдау керек еді. Бұқарада оқу бітірген ахун, шинадарымыздың елге әсері де, ықпалы да өте жоғары болатын. Шет елде білім алудың адам дүниетанымның қалыптасуына көптеген пайдасы бар болса да, қазіргі таңда шет елге барып, діни білім алу тәртібі реттелмегендіктен, кейбір жастарымыздың пайдаланын зияны көбірек болды. Ал басқа жағынан алып қарасақ, мұфтиятта отырғандардың көбі, мұфтияттан бастап шет елде оқып келген. Басқа мемлекетте оқу мәселе емес. Мәселе – кімнің оқығанында. Сондықтан мектепті енді бітіріп,



ұлттық дүниетаным қалыптаспаған жастарымызды оқуға жіберу сау басымызға сақина тілеумен бірдей. Олардың қайтып келуі, келген жағдайда елге сіңісуі екіталай. Демек, шет елде оқытындардың елімізде діни білімді меңгерген, отаншыл, қазаққа жанашыр жастар болғаны жөн.

– Әлемдік саратшылар ислам іліміне реформа керектігін айтып жүр. Бұған не дейсіз?

– Шынымы айтсам, қай реформаны мензеп отырағанымызды түсінбейміз. Бірақ елдің реформадан шаршағаны жасырын емес. Ислам діні – қиямет-қайымға дейін барлық елдерді мекендеген ұлттарға барлық уақытта ұстауға жарамды дін. Реформа жаңалық енгізу, бір нәрсені өзгерту емес пе?! Егер дін Құран мен сүннетке негізделіп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолмен насихатталса, ешқандай реформаның қажеті жоқ. Елдің дәстүрлі дініне қайтуын реформа деп айтапайды. Әлемді жаулаған исламофобия да осындай «реформалардың» сәтсіз жемісі болса керек.

– Имамдардың діни сауаттылығына дауымыз жоқ. Ал интернетті меңгеру, қоше ілесу деңгейі қалай?

– Имам жамағатының көш басшысы болу керек. Жамағатқа сөзі өтетін, ықпалы мен беделі бар тұлға болу керек. Одан бұрын тақуалығы мен діндарлығы болса, өз ісіне зор жауапкершілікпен қарары сөзсіз. Әрі діни білімінен бөлек психология, педагогика және басқа да салаларды меңгергені абзал. Сол кезде ол адамдардың рухани басшысына айналып, олардың түзелуіне, жасқаруына себепші бола алады. Бұлай болмаған жағдайда діни рәсімдерден нәпақасын тауып отырған қатардағы молла болып жүре береді.

– Тұшымыз ойларыңызға алғыс айтамын.

Сұхбаттасқан Назерке САНИЯЗОВА.

БІЛГЕНІМ – БІР ТОҒЫЗ...

ҒАЛАМТОРҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗГЕНДЕР

Ғаламтордың соңғы онжылдықта өте жылдам дамуына сонша қазір адамдардың онсыз тірлігі бітпейтіндей көрінеді. Оның орнын ештенге баса алмайды, ешқандай балама жоқ. Интернет білім алуға, жаңа затты білуге құштар адамның немесе ермек етіп, көңіл көтергісі келетінін шөлін қандыратын терең қол іспеттеп.

Осы керемет құралды дамытқандар аразында жүр. Және олардың еңбектерінің арқасында біз саусақтарымызбен жай ғана тұртуіміз арқылы бүкіл әлем терезесін аша алатын деңгейге жеттік.

Біз сіздерге ғаламтор дамуына үлкен ықпал жасаған және әсер еткен адамдардың тізімін таныстырмақшымыз.

Ларри Пейдж және Сергей Брин – Google Inc.

Өз жұмыстарын достарының гаражында бастаған Стэнфорд университетінің екі студенті интернеттегі ақпаратты іздейтін ең мықты жүйе жасайды.

Google іздеу жүйесін дүние жүзінде ғаламтор пайдаланушылардың 80% жұмығы пайдаланады. Бірақ та Google-де тек іздеу жүйесі ғана емес, басқа да пайдалы тегін қызметтері бар.

Дэвид Фило және Джерри Янг – Yahoo! Inc.

Yahoo!-да Google сияқты Стэнфорд университетіндегі екі студентті туындысы. Бастапқыда сайттардың каталогы ретінде ашылған сайт іздеу жүйелері дамымай тұрған кезде қолданушылар көп кіретін портал болатын.

Билл Гейтс – Microsoft

Уильям Генри “Билл” Гейтс III, американдық бизнесмен, филантроп, әлемдегі ең бай адам және Майкрософт компаниясының басшысы. Билл туралы көп айтуға болады. Бірақ, оның бір ғана дербес компьютерлер төңкерісі кезінде танымалдылыққа ие болған қасиқер екенін айта кеткен жөн.

Стивен Пол Джобс – Apple Inc.

Стив Джобс Apple корпорациясының негізін қалаушылардың бірі, Рихард анимациялық студиясының бұрынғы атқарушы директоры.

Өткен ғасырдың 70-жылдары Джобс досы Стив Вознякпен ең бірінші коммерциялық табысты дербес компьютерлерді жасап шығарып, бүтінде танымал брендке айналған Apple өнімдерінің иесі атанады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Дүйсемова Карлығаш Ұлдасыновнаның атына Қызылорда қаласындағы № 10 Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін 1997 жылы бітіргені жөнінде берілген МӨБ №0030054 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Куртатова Нэля Борисовнаның атына Қызылорда қаласы, Тәжібаев көшесі №11 үйге берілген заң бойынша мұраға құқық туралы куәлігі (№4-1-333 21.08.1998 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
төп/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

бөлімдер:

руханият және өнер - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-49, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазағы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07Шіелі, Жаңақорған:
Нұрмхан Ептай - 8724 32 4-59-51

е-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboy.kz
Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күнігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Ақпараттық қалымы телісрес бойынша
теледир, қолжазба өнері және қолжазбалық.
Жарнама және интернетті түсінікті
назарасын білдірмейді. "Ақ" аялы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
натылып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында
басылды. Қызылорда қаласы.
Сұлтан Байырбас көшесі, №1
Газеттің таралымына "Қазақстан" - 23-54-51.
"Евразия-Пресс" - 27-62-64 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Байырбас көшесі, №1

Таралымы 23899

Тапсырыс № 646

Электронды оқылм 21000.